

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 05.03.2021 ж. №17/20/05-03-21/п шарттың үлгі нысанына №4 Қосымша келісім**

Алматы қ.

№17/1/31-01-25/п

«31» 01 2025 ж.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, Алматы қаласы Әділет Департаментінің Бостандық аудандық әділет басқармасы берген, мемлекеттік қайта тіркеу туралы 22.08.2013 ж. №15242-1910-АО анықтама, бұдан әрі «Қор» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын, Басқарма Төрағасы **Жанат Бостанович Курманов** арқылы бір тараптан,


Инвестициялық портфельді басқарушы **«Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы**, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі берген, ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқару қызметіне арналған 13.06.2024 ж. №0403200223 лицензия, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) 040340005474, бұдан әрі «Басқарушы» деп аталады, Жарғы негізінде іс-әрекет жасайтын Басқарма Төрағасы **Талгат Каирбекович Камаров** арқылы екінші тараптан,

бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры мен инвестициялық портфельді басқарушы арасында жасалған, зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару туралы 05.03.2021 ж. №17/20/05-03-21/п шарттың үлгі нысанына (бұдан әрі – Шарт) осы №4 Қосымша келісімді (бұдан әрі – Қосымша келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. 15-тармақ келесі редакцияда баяндалсын:  
«15. Басқарушы зейнетақы активтерін басқарғаны үшін ай сайын зейнетақы активтерін сенімгерлік басқарудан алынған инвестициялық кірістің 1,0 (бір) пайызы мөлшерінде комиссиялық сыйақы алады.»
2. Шарттың барлық қалған талаптары өзгеріссіз қалады.
3. Қосымша келісім Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.
4. Қосымша келісім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың 01.03.2025 ж. бастап туындайтын қатынастарына қолданылады.
5. Қосымша келісім Тараптардың әрқайсысы үшін 1 (бір) данадан, заңды күші бірдей, мемлекеттік және орыс тілдерінде 2 (екі) бірдей данада жасалды. Қосымша келісімнің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, Қосымша келісімнің орыс тіліндегі мәтіні

басым күшке ие болады.

## 6. Тараптардың деректемелері және қолдары

Қор	Басқарушы
<p>«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы Алматы қ., Самал-2 шағын ауданы, 97-үй, 13 т.е.ү., Samal Towers БО БСН 971240002115 БСК HSBKZKX ЖСК KZ776010131000118840, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ БЕК 15 телефон: +7(727) 331-66-99</p>	<p>«Сентрас Секьюритиз» акционерлік қоғамы Алматы қ., Манас к-і, 32А, 201-кеңсе, БСН 040340005474, ЖСК KZ818562203107011342 «Банк ЦентрКредит» АҚ филиалында, БСК KСJBKZKX, БЕК 15 телефон: +7 (727) 259-88-77</p>
<p> <b>Курманов Ж.Б.</b> (қолы) (ТАӘ) М.О.</p> 	<p> <b>Камаров Т.К.</b> (қолы) (ТАӘ) М.О.</p> 